






05.11.2021 ж. № F00020

### Қозғалмалы ойындар

#### САГИМБАЕВ КАНАТ КАБДЫЛМАЖИТОВИЧ

ШҚО, Жарма ауданы, Қызылағаш ауылы "Мүтән Аймақов атындағы орта мектебі" КММ. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

<b>Пәннің аты:</b> Дене шынықтыру	<b>Уақыты:</b> 29.10.2021ж 15:30-16:15	<b>Кабинет:</b> Спорт зал	<b>Мұғалім:</b> Сагимбаев К.К
<b>Сабақтың атауы</b>	<b>Қозғалмалы ойындар</b> «Мерген», «Қызыл ту», «Кім жылдам» .,«Қуып жет» «Бастан секіріп өту»,«Айналма эстафета»		
<b>Мақсаты</b>	Тақырыптың маңыздылығымен танысады, денесін жаттықтырады,алған білімін өмірде қолдана алады. Оқушылардың спортқа деген қызығушылықтарын арттыру. Салауатты өмір салтын насихаттау. Аяқ – қол бұлшықеттерін дамыту.		
<b>Топқа бөлу</b>			Санақ арқылы топтарға бөлу.
<b>Қызығушылықты ояту</b>	Жаңа тақырыпқа арналған таныстырылым тамашалау Жоба жасау Ойын арқылы ойларын жеткізу		
<b>Сергіту сәті</b>	«Қарақұс пен балапандар» Педагог тауық болып, балалар балапан болып жем теруге шығады. Бір бала қарақұс болады. Жем теріп жүргенде қарақұс ұшып келеді. Барлық балапандар тауықтың қанатынын астына жасырынады. Мақсаты: Жылдамдыққа, шапшандыққа баулу, көңілдерін көтеру. «Ұшты-ұшты» Педагог балаларға ұшты-ұшты қарлығаш ұшты дегенде балалар қолдарын көтеріп ұшады, педагог ұшты-ұшты орындық ұшты десе отыра қалады. Мақсаты: Аяқ-қол бұлшық еттерін дамыту, қимыл қозғалыстарын жетілдіру		

<p><b>Жаңа сабақ</b></p>	<p><b>Қозғалмалы ойындар</b> «Мерген», «Қызыл ту», «Кім жылдам» .,«Қуып жет» «Бастан секіріп өту»,«Айналма эстафета» Тақырыпқа сай дайындалған ресурстармен постер жасау Оқулықтағы тапсырмаларды орындау Жаттығулар жасау</p>	
<p><b>Рефлексия</b></p>	<p>Бүгінгі сабақта болған көңіл – күйді бас бармақ салынған суреттер арқылы бағалау.</p>  <p>«Бас бармақ» тәсілі Барлығын түсіндім ---  Енді түсініп келемін ---  Түсінбедім --- </p>	
<p><b>Үйге тапсырма</b></p>	<p>Тақырыпқа байланысты мағлұматтар жинақтау</p>	
<p><b>Кері байланыс</b></p>	<p>Бағалау парақшаларын толтыру. Смайликтер арқылы кері байланыс орнату</p> 	<p>Смайликтерді өзі қалаған нұсқаға жабыстырады</p>

05.11.2021 ж. № F00018

## Табиғат – ортақ үйіміз!

### ГАНИЕВА АЙНУР БАУЫРЖАНОВНА

Батыс Қазақстан облысы, Жәнібек ауданы, Жәнібек ауылы,  
«№1 мектеп-лицейі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің  
қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі

**Бөлім:** Қоршаған ортаны қорғау.

#### **Оқу мақсаттары:**

4.2.2.1. Таныс емес сөздер мен сөз тіркестері бар мәтіннің мағынасын мәнмәтінге қатысты анықтап түсіну.

4.3.2.1. Бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды анықтау.

#### **Сабақтың мақсаты:**

Барлық оқушы: таныс емес сөздермен сөз тіркестерді анықтайды; бейтаныс сөздер кездесетін шағын мәтіндегі негізгі ойды түсінеді.

Көпшілігі: әңгіменің басты мәселелерін түсініп, табиғаттың ерекшелігін айтып береді.

Кейбірі: көрсетілген материал бойынша өз ойын білдіреді.

**Бағалау критерийлері :** Жеке, жұптық, топтық тапсырмаларды орындай алады. Сабақ барысында тыңдаушының назарын өзіне аудара алады.

**Құндылықтарды дамыту:** Өзіңе және өзгелерге құрмет құндылығы.

**Пәнаралық байланыс:** дүниетану

#### **Сабақ барысы:**

Сабақтың басы. Ұйымдастыру кезеңі. Психологиялық ахуал қалыптастыру.

Өткенді қайталау.

« 10 қадам» әдісі арқылы өткен «Табиғат құбылыстары» бөлімі бойынша 10 сөз айту. ( қар, жел, жаңбыр, найзағай, бұлт, боран, бұршақ т.б)

Дескриптор:

-табиғат құбылыстарын атайды.

ҚБ. «Қошемет көрсету» әдісі бойынша «Жарайсың!», «Өте жақсы!» деп бағалау.

Жаңа сабақ

Сабақтың тақырыбымен , оқу мақсатын таныстыру.

Топқа бөлу: партаның астына жасырылып қойған стикер гүлдерді , бірдей түсте алған оқушылар бір топқа бірігеді. Түстеріне қарай 2 топқа бөлініп отырады.

1-топ

2-топ

Ойшақыру « Қоршаған ортаны қорғау» дегенді қалай түсінесіңдер?

«Кір жаю» әдісі арқылы үйден салып келген суреттерімен таныстыру.

Дескриптор:

- тақырыпқа байланысты сурет салады;
- қоршаған ортаны қорғау туралы ой қорытады.

ҚБ. «Екі жұлдыз, бір тілек» әдісі

Сабақтың ортасы

Сөздікпен жұмыс:

киік-сайга, марал-олень, қорғау-защищать, мал дәрігері-ветеринар.

Оқулықпен жұмыс

1-тапсырма . Бос орындарға тиісті сөздерді қойып, көшіріп жазады.

1-топ. Сұрақ қояды.

2-топ. Сөйлемдерден шырайларды табады.

Дескриптор:

- жаңа сөздерді бос орынға жазады;
- шырайларды табады.

ҚБ. «Бас бармақ» әдісі

2-тапсырма. Суреттерді рет-ретімен орналастырады. Сурет бойынша әңгіме құрастыр.

Дескриптор:

- мәтінге сүйеніп, суреттерді рет-ретімен орналастыра алады;
- сурет бойынша әңгіме құрай алады.

ҚБ. «Бағдаршам» әдісі

3-тапсырма. «Бір мәтінмен жұмыс » әдісі.

1-топ. Мәтінді түсініп оқиды.

Мазмұнын айтады.

2-топ. Мәтінді түсініп оқиды.

Мәтін бойынша сұрақтар қояды.

Дескриптор:

- мәтінді түсініп оқи алады;
- мазмұнын айта алады;
- мәтін бойынша сұрақ құрастыра алады.

ҚБ. «Смайлик» әдісі

Сабақтың соңы

Кері байланыс. Рефлексия.

Қызық болды .....

Қиын болды.....

Сұрағым бар.....

Үй тапсырмасы: 112 бет, 3-тапсырма мазмұндап келу.

05.11.2021 ж. № F00021

**Топтық жұмыс арқылы оқушылардың  
танымдық қызығушылығын арттыру**

**АРАПОВА СЫМБАТ ЕЛЕУСМЗОВНА**

*Солтүстік Қазақстан облысы, Айыртау ауданы, Саумалкөл қазақ орта мектебінің бастауыш сынып мұғалімі педагог- модератор*

**Мақсаты:** Топтық жұмыс жүргізу арқылы оқушылардың тіл байлықтарын, шығармашылық қабілеттерін дамыту, танымдық қызығушылықтарын арттыру.

**Міндеттері:**

1. Жаңа әдістеменің әдіс – тәсілдерін енгізу;
2. Топтық жұмыс түрін қалыптастыру.

**Өзектілігі:** Оқу-тәрбиесінде мынадай өзекті проблемалар бар: Оқушылардың өз бетінше ойланып, әрекет етулері жеткіліксіз. Бір оқу міндетін басқа түрлі жолдармен өзгертіп, шеше білу қабілеттері, сонымен қатар алынған білім-білік дағдыларын қазіргі өмір мен ғылым, техника жаңалықтарымен байланыстырып, салыстырып, зерттеп өз болжамдарын жасау қабілеттері әлі де төмен деңгейде. Ал мұның себебі қайда жатыр және бұл проблемаларды шешу үшін, білім үдерісінде инновациялық технологияларды оқып үйреніп, өз іс-әрекетімде енгізу қажет деп ойлаймын. Білім берудің әртүрлі нұсқадағы мазмұны, құрылымы, ғылымға және тәжірибеге негізделген жаңа идеялар, жаңа технологиялар бар.

Бүгінгі таңдағы оқыту үдерісі жаңа әдіс-тәсілдерді, жаңаша идеяларды қолдануды талап етеді. Әр мұғалім өз іс-тәжірибесінде көптеген қиындықтармен, кедергілермен кездеседі. Ол заман көшіне ілесу үшін өз білімін жетілдіріп отыруы қажет. Мен де оқыту тәжірибемде жетістіктерге жету жолдарын қарастырудамын. Оқушылар өз пікірлерін, көзқарастарын еркін және ерікті түрде білдірсе, шығармашылықпен жұмыс істесе екен деген мақсаттарды көздеймін. Тек білдіру емес, сонымен бірге өз пікірлерін дәлелдей алатын және оны іс жүзінде де асыра алатын тұлға болып қалыптасса екен деймін.

Мұғалім топтық жұмыс түрін қолданғанда, үнемі оқушы санасында болып жатқан өзгерістерді бақылап, оның дамуын жан-жақты зерттей отырып, өз сабақтарын соған сай өзгертіп отырады.

**Топпен жұмыс жүргізу кезінде оқушылар:**

- Бір - біріне бірдей бағынышта, сыйластықта болады;
- Бір - біріне деген жауапкершіліктері артады;
- Топтың барлық мүшелердің бір - бірін тыңдау, күту шыдамдылығы, кезектесе сөйлеу дағдылары қалыптасты. Топта бірлесіп жұмыс істеп үйренген оқушылардың білімдері нәтижелі шыңдалады;

Оқушылардың есте сақтау қабілеті жоғарылайды;

· Жиі - жиі ой талқысын жасау және өз пікірін білдіру арқылы оқушының сөйлеу дағдылары дамиды.

### **Бірлескен оқудың мәні**

Ынтымақтастық оқу – бұл оқыту мен оқу тәсілі, аталған тәсіл проблемаларды шешу, тапсырмаларды орындау немесе әлдебір өнім жасау үшін оқушылар тобының бірлесіп жұмыс істеуін білдіреді. Ынтымақтастық оқу оқуды табиғи әлеуметтік әрекет ретінде қабылдауға негізделген, оған қатысушылар бір-бірімен әңгімелеседі, және осы әңгімелесу арқылы білім алады.

Педагогикада ынтымақтастық оқу тәсілдерінің саны жеткілікті, бірақ та бірлескен оқу үдерісінің негізгі сипаттамалары мынадай:

1. Оқу оқушылар ақпаратты игеретін және өздері игерген мәліметті бұған дейін меңгерген білімдерімен байланыстыратын белсенді үдеріс болып табылады.

2. Оқу тапсырмаларды орындау үшін механикалық есте сақтау мен қайталау емес, құрдастардың белсенді қатысып, ақпараттарды өңдеуі және қорытуын талап етеді.

3. Қатысушылар әр адамның көзқарасымен танысудан пайда алады.

4. Оқу оқушылардың әңгімелесу кезіндегі әлеуметтік ортасы жағдайында жетіледі. Осы зияткерлік жаттығу кезінде оқушылар ой-пайымдарының негізін құрып, мәнін ұғады.

5. Оқудың ынтымақтастық ортасында оқушылар әлеуметтік және эмоционалдық тұрғыдан да дами түседі, өйткені олар түрлі көзқарастарды тыңдап, өз идеяларын айтуға және қорғауға мәжбүр болады. Мұндайда оқушылар сарапшылардың немесе мәтін аясында шектеліп қалмай, өздерінің ерекше тұжырымдамалық түсініктерін құруды бастайды. Осылайша ынтымақтастық оқу жағдайында оқушылар құрбы-құрдастарымен қарым - қатынас жасауға, идеяларды ұсынуға және қорғауға, әртүрлі ұстанымдармен алмасуға, басқа тұжырымдамаларға күмәнмен қарауға және оған белсенді қатысуға мүмкіндік алады.

Сабақ беру кезінде мен сын тұрғысынан ойлау стратегияларын әдебиет сабақтарында қолдана бастадым. Олардың жаңашылдығы мен көп уақыт алатындығы топтық жұмыс түрінде көп қолдануға мүмкін болды.

Оқушылардың тілдерін жетілдіру мен шығармашылыққа баулуда сыни тұрғыдан оқыту стратегиялардың маңызы зор. Соның ішінде толғануды тиімді етуге лайықталған “Венн диаграммасы”, “Бес жолды өлең”, “Көрнекілік арқылы баяндау”, “Семантикалық карта”, “Автор орындығы” сияқты стратегиялар әр сабақтың ерекшелігіне, ауыр - жеңілдігіне қарай лайықтала қолданылады. Оқушы өз ойын сын тұрғысынан ойлап, дәлелдеуге тырысады, ой өрісін кеңейтеді, еркін ойлай отырып, тапсырмаларды орындау барысында өз ізденісімен қызығушылық танытып, шығармашылық қабілеттері ұшталады. Сондай - ақ топтық жұмыс арқылы оқушылар өз ойларын ашық айта білу, пікір

айтуға үйрену, пікір таластыру (дебат), жолдастарының ойын тыңдау, жауаптарын бағалай білу, сыйластық, ұйымшылдыққа, білім сапасының көтерілуіне көп әсерлерін тигізеді. Сынып бойынша көп сөйлемейтін, ойлау дәрежелері төмен оқушылардың да қызығушылығы туып, өз мүмкіндіктеріне қарай топтар бойынша сабаққа қатысуға тырысады.

Сынып оқушыларының топтағы білімдерін бағалау үшін бағалау критерийлерін белгілеп алу қажет. Олар:

- Оқушылардың сабақта белсенділік танытулары;
- Өз ойларын ашық та еркін жеткізе алуы;
- Тақырып бойынша ең негізгіні түсініп, ажырата білулері;
- Барлық топтар бойынша сыйластық, тәртіп, ұйымшылдықтың болуы.

Бағалау критерийлері оқушыларға алдын ала таныс болуы тиіс немесе тақтаға ілініп қоюы тиіс.

Топтық жұмыс жүргізу арқылы байқағаным: оқушылар сабақты өз еріктерімен қажеттілік ретінде қабылдады. Бір-біріне деген жанашырлықтары, өзара татулықтары, ұйымшылдықтары үнемі байқалып тұрды. Алдағы уақытта да топ мүшелері топ ережесін ұстанып, жұмыс істеуге тырысып отырды. Мен өз тарапымнан ынтымақтастық атмосфераны қалыптастыруға ықпал етіп отырдым. Мен оқушыларымның мінез - құлқының ерекшеліктерін жақсы білемін. Сондықтан маған сыныпта ынтымақтастық атмосфераны қалыптастыру айтарлықтай қиындық туғызбады. Сыныбымдағы тәртіп ережелері мен нормалары сақталды. Оқушылар бір-бірімен жұмыс істегенде өздерін жайлы сезінді. Олар топта, жұпта тапсырмаларды талқылау кезінде әңгімелесуге құлықты болды.

Топтық жұмыс түрін қолданған кезде менің сабағымда оқушылар арасында:

- бір-бірінің пікірін тыңдау, сыйлауға ынтымақты қарым-қатынастың;

- өзін жеке дара тұлға ретінде тануға жол ашуға;
- бір-біріне құрметпен қарауға;
- өз ойын ашық, еркін айтуға, пікір алмасуға;
- өзін-өзі, бірін-бірі бағалауға;
- мұғаліммен еркін сөйлесіп, пікір алмастыруға;
- достарының ойын тыңдай отырып, проблеманы шешу жолдарын іздей отырып, қиындықты шешуге көмектесуге;
- белсенді шығармашылықты ойлауға негіз қаланды.

Сабақта оқушыға білім дайын күйінде беріле салмауы керек. Мұғалім баланың білімді игеруге қызығушылығын оятуы, шығармашылықтарын дамытуы қажет. Шығармашылық — бұл адамның өмір шындығында өзін-өзі тануға ұмтылуы, ізденуі. Өмірде дұрыс жол табу үшін адам дұрыс ой түйіп, өздігінен сапалы, дәлелді шешімдер қабылдай білуге үйренуі қажет. Адам бойындағы қабілеттерін дамытып, олардың өшуіне жол бермеу, оның рухани күшін нығайтып, өмірден өз орнын табуға көмектеседі. Шығармашылық

тапсырмаларды сыныпқа жаппай бере отырып, әр топтан тек қабілетті оқушылар орындап отырғанын байқадым. Бұл дарынды оқушыны анықтап алу үшін оңтайлы болды. Тапсырманы жеке орындаған оқушы да өз жұмысын топтың атынан қорғап, өз тобын алға сүйреуге ұмтылды. Бұл жерден ынтымақтастықтың белгісін анық байқауға болады.

Өз тәжірибемде оқытудың диалогтік тәсілдерін қолдануда топтық әңгімеге басты назар аудардым. Себебі сабақ берген сыныбымда оқушылар өз ойларын еркін жеткізуге тартынып тұрды. Ал топта жұмыс істегенде оқушылар меңгеретін материалды топта талқылап, бір - біріне айтып, тілдерін жаттықтырып алады. Содан соң сынып алдына шығып сөйлейді.

Топпен жұмыста оқушы өз білім деңгейін бағалайды, білімін жақсартады, сабаққа деген белсенділігі артып, қызығушылығы оянады, өзін-өзі, бірін-бірі бағалауды үйренеді. Топтық жұмыс жүргізу арқылы байқағаным: оқушылар сабақты өз еріктерімен қажеттілік ретінде танып, белсенділік танытуға тырысып бақты.

Қорыта келгенде, аталмыш бағыттағы жұмыс жүргізуге дейінгі және кейінгі кезеңін (аралығын) салыстыру оқушылардың оқуға деген ынтымақтасушылығының артқандығын, адами жақсы қасиеттердің қалыптасқандығын, мұғалімнің шыдамдылық, төзімділік сияқты сапаларымен қатар оқушылардың басқаны қабылдау, түсіну, сыйлауды үйренгендігімен сипатталады.

Тәжірибе барысында көзім жеткені: оқушылардың топпен жұмыс жүргізу барысында сабақтағы белсенділіктері, шығармашылықты қажет ететін жұмыстарға қызығушылықтары арта бастады.

Сабақтарымда топпен жұмысты әрі қарай қолданып, оқушылардың қазақ тілі мен әдебиеті сабақтарына деген қызығушылықтарын әрі қарай арттыру, топпен жұмыс істеу жағдайында оқушылардың құрбы-құрдастарымен қарым - қатынас жасауға, жаңа идеяларды ұсынуға және қорғауға, әр түрлі ұстанымдармен алмасуға, шығармашылықтарын дамытуға және сабаққа белсенді қатысуға ықпал жасауды жалғастыруды көздеймін



05.11.2021 ж. № F00022

**«Тәрбиеші болу – бақыт!»**

**ДАУТОВА МАЙГУЛЬ КАНАТОВНА**

*Павлодар қаласы №50 сәбилер бақшасының тәрбиешісі*

«Ел есінде бір жыл қалғың келсе - ас бер, он жыл қалғың келсе - ағаш отырғыз, ал мәңгі қалғың келсе - бала тәрбиеле» дейді халық даналығы. Өскелең ұрпаққа тәлімді тәрбие сіңіру, болашаққа жарқын бағыт-бағдар беру, келешекке кемел боларлық ақыл-парасат меңгерту аса жауапты іс екені мәлім. Сондықтан да жауапкершілік жүгі ауыр осынау қажырлы іске бой ұрған әрбір маман қоғам арасында үлкен құрметке ие болатындай дәрежеге ие.

Мен үшін де осынау өмірімдегі ең қастерлі әрі қасиетті мамандық ол – тәрбиешілік. «Жол таңдауда жалтаңдауға болмайды» дегендей, әу баста ұлтымыздың, тәуелсіз еліміздің ертеңі боларлық бүлдіршіндерді тәрбиелеу жолын таңдағанымға еш өкінбеймін. Керісінше, ауыртпалығы мен жауаптылығы қыры қатаңға жүк боларлық осы кәсіпті таңдау арқылы қоғамдық дамуға өлшеусіз үлес қосып келе жатқанымды мақтан етемін. Адам баласының өмірінде болуға тиіс бақыттың бірі не десек, ол – өз қалауыңмен таңдаған кәсіп-мамандығына деген салиқалы ынтызарлық әрі ыстық ықылас дер едім. Өз еңбегіне жан-тәні мен берілген жанғана өмірдің мән-мағынасын, қоғамдық ортадағы жауапкершілікті, тұтастай ұлттың ертеңіне қоса алар өзіндік үлесін тереңнен салмақтай алса керек. Бір сөзбен айтқанда, өмірдің мәні адал...

Көрнекті тұлға Ахмет Байтұрсынұлы: «Балам дейтін ел болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» деген екен. Балабақша тәрбиешілері қай кезеңде болсын ертеңгі елім деп еңірейтін ұрпақты тәрбиелеуге тер төгуде. Бұл жолда үлкен ізденіс, парасат қажет. Ендеше, тәрбиешінің әр күні ізденіспен, ертеңгі азаматты қалыптастыру жауапкершілігі мен ұштасып жатады. Тәуелсіз елдің жас ұрпағын лайықты түрде тәрбиелеу – біздерге артылған аса жоғары міндет. Осы міндетті орындау үшін әрбір тәрбиеші жанын салады. Ендеше, олардың әрқайсысының еңбегі қашанда құрметке лайық деп білемін.

Педагог К.Гельвеций: «Тәрбиеші – балаларға ересек әлемге есік ашатын сиқыршы. Тәрбиешінің білімі мен біліктілігіне тәрбиеленушілерінің болашағы тәуелді», деген екен бір сөзінде.

**ТӘРБИЕШІ!** Бұл әрдайым үлкен әріптермен жазылуға тиіс мазмұнды сөз деп танымын. Өйткені, біз елдің ертеңгі азаматтарын тәрбиелеудеміз. Өйткені, біз жас ұрпаққа қазыналы да бай ана тілі – қазақ тілін сіңірудеміз. Тіл арқылы бала бойына ұлттық құндылықтарды, дәстүр мен салтты, ұлтымызға тән ізгіліктерді, жалпы адамзатқа ортақ өркениеттік ұстанымдарды жұғысты етудеміз.

Даңқты қаһарман Бауыржан Момышұлы: «Анамыздың ақ сүтімен бойымызға дарыған ана тілімізді ұмыту бүкіл ата-бабамызды, бар тарихымызды ұмыту» деп ескерткен болатын. Біз осынау қауіптің болмауына бас-көз болып, тіліміздің, діліміздің жас ұрпақ бойына бай әрі қазыналы қалпында сіңірілуіне күш салудамыз.

«Ұстаздық еткен жалықпас, үйретуден балаға» деп ұлы Абай атамыз айтқандай, менің де осынау қастерлі мамандықтың иесі атанғанымға сегіз жарым жыл болған екен. Қиындығы мен қызығы, ауартпалығы мен жауапкершілігі қатар жүретін осы еңбектің жолындағы педагогикалық ұстанымым – үнемі жаңалыққа ұмтылып, алдыңғы қатардан көріну және әр тәрбиленушінің бойынан жылт еткен жақсылықты, талап пен талантты тауып, бұлақтың көзін ашу, биікке жетелеу, сондай ізденістер арқылы биік мақсаттарды орындау. Тәрбиеші болу – әр балаға екінші ана болуға пара пар еңбек. Анадай мейірім мен қамқорлық таныту, аялы сөздер мен ілтипат білдіріп, ізгіліктерге бағыттау біздің күнделікті еңбегімізде өріліп жатыр. Сондықтан да бұл іс екінің бірінің қолынан келе бермейді. Өйткені, бұл – бала жанын тереңнен сезінетін, өз ісін жан-жақты білетін, бүлдіршіндерді жан-тәнімен сүйе алатын, оларды бағалай білетін нағыз маманның қолынан ғана келетін жұмыс. Ұлы педагог Г.Песталоцци: «Егер де сүйе білмесең, тәрбиелеу құқығы жоқ», деген екен.

Ал В.Сухомлинский: «Баланың шығармашылық қабілеті мен дарынының бастауы саусақ ұштарында», дейді. Тәрбиешілік жолдағы басты мақсатым мектеп жасына дейінгі балалардың конструкторлық, танымдық, шығармашылық, іскерлік қабілеттерін дамыту.

Балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту еңбекке деген рухани адамгершіліктің қалыптасуына серпін беріп, негіз болады. Бірақ бұл қажеттілік балаға күш салмай іске асуы мүмкін емес, сондықтан оны еңбек сүйгіштікке, шыдамдылыққа, ұқыптылыққа, дербестікке, белсенділікке және өз еңбегімен айналасындағыларға қуаныш сыйлауға талпынуына тәрбиелеу қажет.

Халқымызда «Жаскелсе - іске» деген керемет сөз бар. Демек, мен бойымдағы жастық жігерімді, күш-қуатымды, жаңашылдығымды талапты әрі таланты шәкірт тәрбиелеуге жұмсауым керек. Болашақта өз тәрбиеленушілерімді биік белестерден көріп жатсам, сол үшін өзімнің аз да болса үлесім тиіп жатса, мен өзімді бақытты тәрбиеші-ұстаз, бақытты жанмын деп білемін.

Батыр Бауыржан Момышұлы: «Ешкім іштен батыр болып тумайды: батырлық та мінез секілді өскен орта, көрген тәрбиеге байланысты қалыптасады» деп ұлы ой айтқан болатын. Біз бақшадағы бүлдіршіндерді жақсылық атаулыға тәрбиелеуге, тамаша ортада тәлімді тәрбие беруге әрдайым жауаптымыз.

«Баланы ең әуелі мейір-шапағатқа, одан соң ақыл-парасатқа, ақырында нағыз пайдалы ғылымға, еңбекке баулы», дейді ғұлама А.Құнанбаев.

05.11.2021 ж. № F00023

## Сиқырлы аспаптар

### ИСЕНОВА ДАНАГУЛЬ НАСИПБЕКОВНА

Павлодар қаласы №50 сәбилер бақшасының музыка жетекшісі

Білім беру саласы: Шығармашылық

Ұйымдастырылған оқу қызметінің түрі: Музыка

**Мақсаты:** музыкаға қызығушылығын арттыру, сипаттағы әндерді орындауды, музыкалық фразалар арасында тыныс алуды, би қимылдарын есте сақтау қабілетін арттыру. Оркестр мен дирижёрдың қызметін атқара білуге, шығармашылыққа баулу. Музыканы тыңдап, әртүрлі аспаптардың дауысын тыңдап ажырату және музыка ырғағымен ойнай білуге дағдылануды жалғастыру.

Көрнекілігі: сиқырлы аспаптар:, барабан , асатаяқ, домбыра, үшбұрыш, кселлафон, тоқылдақ, қасық аспаптары, тапсырмалар, күтпеген сәт, дүкенші, ұнтаспа, интерактивті тақта, слайд, қағаз, желім.

Сөздік жұмыс: сиқырлы аспаптар, музыкалық аспаптар дүкені.

Әдіс-тәсіл: сұрақ-жауап, музыка тыңдау, ән айту, би билеу, оркестрде аспаптармен ойнау, құрастыру.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Музыка жетекшісінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Ұйымдастырушы қозғаушы қызмет түрі	Жетекші музыка залында балаларды «Достар әні» әнімен көңілді қарсы алады. Әндетіп мандасады: Сә-ле-мет-сіз-дер ме, ба-ла-лар!	Балалар музыка залына көңілді ән әуенімен келеді. Әндетіп амандасады: Сә-ле-мет-сіз бе!
Ұйымдастырушы-ізденушілік	Қол ұстасып бәріміз, Жадырасын жанымыз. Қарсы алайық әнменен, Арайлы болсын таңымыз. Жарайсыңдар балалар, біз де бүгінгі күнді көңілді қарсы алдық. Сендер көп әнддерді айтып білесіңдер, билерді білесіңдер, аспаптарды танып оларда ойнап білесіңдер.	Бәрі қосылып орындайды

	<p>-Балалар, музыкалық аспаптар дүкеніне барып аспаптар сатып алғыларың келе ме? Олай болса дүкенге барайық. -Балалар, сатушы апаймен амандасайық. -Сәлеметсіз бе? -Сәлеметсіңдер ме, балалаар! -Бізге музыкалық аспаптар керек еді. -Бұл аспаптар сиқырлы. Оларды алу үшін әрқайсысында жасырынып тұрған тапсырмаларды орындау керек. -Орындаймыз ба балалар, ендеше көрейік. Жұмбақ: Ұлттық аспаптың бірі, Күмбірлетер күйді. Қос ішекпен бұл аспап, Шығарады үнді (Домбыра) 1-тапсырма: «Бұл қандай ән?» Барабан аспабының үні естіледі. 2-тапсырма: «Музыкалық жанрды ата?»  Сыңғырлайды қоңырауы. Ағаштан жасалған, Ерекше нәзік үні бар, Бұл аспап қалай аталған?  (Асатаяқ) 3-тапсырма: « Би қимылдарын көрсету» Қасық аспабының үні естіледі. 4-тапсырма: « Аспаптарда ойна?» Тоқылдақ аспабының жартылай суреті шығады, аспаптың атын табу. 5-тапсырма: Ойын: «<b>Сылдырмақ пен қоңырау</b>» Мақсаты: Балалардың тыңдау ынтасын дамыту. Шарты: Сылдырмақтың дыбысына балалар шеңбермен аяқтың ұшымен жүреді. Қоңыраудың дауысы</p>	<p>Иә</p> <p>Сәлеметсіз бе сатушы апай</p> <p>Иә, орындаймыз</p> <p>Жұмбақтың шешуін айтып, жауап береді</p> <p>Ән,би, марш</p> <p>Асатаяқ</p> <p>Би қимылдарын орындайды</p> <p>Суретке қарап, аспапты табады</p> <p>Ойынға қызығушылықпен қатысады</p>
--	---	--

	<p>естілгенде,балалар отыра қалуы керек.  <b>«Жоғалған аспап»</b>                  Мақсаты: Аспаптардың атауын есте сақтауға,түрінен ажыратуға үйрету.                  Шарты:Металлафон,сырнай, дауылпаз, үшбұрыш,домбыра,сылдырмақтар... т.б.                  үстел үстінде тұрады.Балалар көзін жұмады.Осы кезде бір бала бір аспапты жасырады. Көздерін жұмған балалар көзін ашып,жоғалған аспапты атауы керек.                  Металлафон аспабының үні естіледі.                  6-тапсырма: «Аспаптардың суретін құрастыр»                  Сатушы: -Жарайсыңдар, балалар, барлық тапсырмаларды орындадыңдар енді қалаған аспаптарыңды ала беруге болады.                  -Енді балалар, бақшамызға барайық.                  Көңілді әуенмен бақшаға келеді.</p>	<p>Аспаптардың қиындыларын құрастырады</p> <p>Көңілді бақшаға қайтады.</p>
<p>Жетекші жөндеуші</p>	<p>-Біз бүгін қайда бардық?                  -Кімді көрдік?                  -Қандай тапсырмаларды орындадық?                  -Өте жақсы ,жарайсыңдар балалар.                  Балаларды мадақтап, сыйлық тапсырады.</p>	<p>Музыкалық аспаптар дүкеніне Сатушы апай Жауап береді</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Білуі керек:** әндерді еске түсіріп орындау, би қимылдарын, аспаптардың атын еске түсіріп оларда ойнауды.

**Түсінеді:** дыбыс арқылы аспаптарды, әндерді ажыратуды.

**Қолдана біледі:** әуенге ілесіп ырғақпен қимыл жасау дағдыларын, суретті құрастыруды

№ E00045 02.11.2021ж.

## ТУЛЕМИСОВА ЖУЛДУЗ

Ақтөбе қаласы № 12 орта мектебінің бастауыш мұғалімі

### Тақырыбы: «А а ДЫБЫСЫ МЕН ӘРПІ»

**Мақсаты:** А а дыбысы мен әрпін таныстыру, алғаш рет танысайын деп отырған әріптеріне келетін сөздерді, дыбысына байланысты буындар мен сөздерді білуге үйрету. Сөздерге дыбыстық талдау жасауға дағдыландыру. Сөздерде қанша әріп, қанша дыбыс бар екенін ауызша үйрету. Сөздік қорларын байыту, тіл байлықтарын дамыту, дыбыстардан сөз, сөзден сөйлем құрау қабілеттерін дамыту.

Оқушыларды сыпайылыққа, жолдастыққа достыққа, бір-бірінің ойын түсінуге бірін-бірі тыңдай білуге тәрбиелеу.

**Сабақтың типі:** жаңа білімді игеру

**Сабақтың түрі:** саяхат-ойын сабақ

**Әдіс-тәсілдері:** сұрақ –жауап, көрнекілік

**Технологиясы:** сын тұрғысынан оқыту

**Көрнекілігі:** көкөністер, жемістер, заттық суреттер, А әрпінің баспа, жазба түрлері, себет.

**Қажетті құрал-жабдықтар:** интербелсенді тақта, бор, тақта.

**Сабақтың барысы:** I. Ұйымдастыру бөлімі.

### II. Психологиялық дайындық

-Сәлеметсіздерме балалар. Бүгінгі сауат ашу сабағы өзгеше өткелі отыр, оған себеп, бүгін бізге қонаққа Ата-аналарымыз, апайлар келіп отыр. Солармен амандасып алайық.

### II. Психологиялық дайындық.

1. Қайырлы таң досым

Қайырлы күн болсын

Жеті күннің әр кезі

Сәттілікке толсын

Біздің алар бағамыз, кілең бестік болсын!

### III. Ой қозғау.

Балалар біз бүгін саяхатқа аттанамыз. Саяхатымыз орман болмақ.

Орманды кәне көз алдымызға елестетейікші

( балалар өз ойларын айтады)

Қандай аңдарды білетін едік.

Ал ендеше біз білетін түлкі қандай аң?

Ол барлық аңдарды алдап жүреді. Бір күні аңдар: « Қап бәлем түлкінің сазайын тартқызайын» –деп ақылдасып, түлкінің үйіне баратын жолды бөгеп, өздері тұрып алыпты:

Біз түлкіге көмектесеміз бе?

Олай болса түлкіге кедергі келтіріп тұрған аңдардың тапсырмасын орындап түлкіге көмектесейік.

1-ші аң түлкіге кездескен – қасқыр

Қасқырдың тапсырмасы: Қандай зат артық.

кітап, дәптер, қалам –оқу құралдары

доп – ойын құралы

ұшақ, автобус, машина- көліктер

көйлек- киім

төрт түлік- жолбарыс-

ыдыс-аяқ-банан

Қасқырдың сыйластық жақсы сөзі: «Жолың болсын!»

-келесі кедергіде тұрған аң-кірпі.

Ол «төрт түліктің төлін тап » деген тапсырма:

**Қойдың тапсырмасы:**

қой –қозы	1) буынға бөлу, сөйлем құрау
жылқы-құлыншақ	2) жылқының пайдасы
сиыр-бұзау	3)
ешкі-лақ	4)
түйе-ботақан	5)

**Сыйластық сөзі:** «Саған сәттілік тілеймін»

Келесі кезекті аң – аю

Аюдың тапсырмасы: «Ажырату»

оқушылар мына жерде күз мезгілінің байлығы жемістер мен көкөністер бар, бірақ ол қай сабетке барарын білмей тұр? Кәне ажыратайық

Ортақ қасиет

Дәруменге бай

Денсаулыққа пайдалы

Адамның ағзасына пайдалы

**Аюдың сыйластық сөзі:** «Рахмет сау бол!»

-оқушылар біз жаңа қандай аңның тапсырмасын орындадық? – дұрыс аюдың.

Мына себеттегі жемістердің атын атаңдаршы?

- алма, алмұрт, алхоры

Олай болса бүгінгі танысатын алғашқы әрпіміз

А әрпі болмақ.

Қане кітапқа қарайық, ненің суреті- алма, алмұрт, ананас.

-А әрпі қандай дыбыс деп?

-А дыбысы сөздің басында, ортасында, соңында да кездеседі.

### **А дыбысы**

сөздің басында                      қызыл үйге кіреді  
ортасында  
соңында

Дыбысты біз айтамыз, естиміз.

Әріпті біз жазамыз, көреміз.

**Сергіту сәті.**

Қара жорға биін билеу.

Оқушылар серігіп болсақ қане А дыбысының таңбалануымен танысайық, таңбасын біз әріп дейміз.

Әріптің баспа жазба түрі бар, біз мектеп алды даярлық тобында баспа түрімен таныстық. Енді жазба түрімен танысамыз.

А әрпін енді кәне мен тақтаға салып көрсетемін сендер соны мұқият қараңдар: Жоғарыдан -оң жаққа қарай имектелген көлбеу

- сол жаққа қарай имектелген көлбеу

белін қысқа сызықпен сызамыз – **бұл бас әріп.**

Толық құрсау дөңгелектенген және имектелген көлбеу сол жаққа қарай А-бас әрпімен сөйлемнің басында, адамның аты, қаланың аты келеді, кіші әрпімен сөйлемнің соңында, ортасында жазамыз.

**Ауа жазу, санағышпен құрастыру, тақтаға жазу.**

### **Дәптермен жұмыс**

Жазу кезінде кеудені тік көтеріп дәптерді қиғаштап, қаламды дұрыс ұстап жазамыз.

-Балалар А дыбысынан келетін біздің сыныпта ұл-қыздар бар ма?

Қане тақтаға бері қарайық. А әрпін бекіту.

асық

балапан

тырна

Ұйқасын тап.

Айбат шегер алыстан,

Аң патшасы **арыстан**





Түлкі үйіне келді, жетті сіздерге алғыс айтты.

Ойын: «Сиқырлы қалпақ» егер уақыт қалса бастарына кигізу арқылы а-ның ортасында, соңында, басында келетін сөздер айту.

Мадақтау, бағалау.

Алма ағашынан алма теріп балаларға тарату. Сабаққа жақсы қатыстыңдар!

Сау болыңдар!

№E00046 02.11.2021ж.

## «БАЛАБАҚШАДА БАЛА ТІЛІН ДАМУДАҒЫ МАҚСАТТАРЫ»

### КАН ЗАРИНА ВАЛЕРИЕВНА

*Алматы облысы, Жамбыл ауданы «Үлкен ауылындағы орта мектеп МДШО мен» «Айгөлек» шағын орталығы тәрбиеші.*

#### **Балалардың тілін дамытудағы мақсаттары:**

- Балалардың ойлау, дұрыс сөйлеу қабілеттерін дамыту, сөздік қорын молайту. Сөйлем құрап өз ойларын жеткізе білуге, қазақ тіліне тән ерекше дыбыстарды дұрыс айтуға үйрету;
- Сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгеруге көңіл бөліп ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру;
- Ертегілерді әңгімелеуге, өлең, тақпақ, мақал - мәтелдер, жаңылтпаштарды айта білуге үйрету.

Осы мақсатты іске асыру нәтижесіндегі міндеттері:

- Бала тілін орфоэпиялық дыбыстау мәдениетіне тәрбиелеу.
- Сөздегі грамматикалық дағдыларды қалыптастыру;
- Баланың сөздік қорын молайту;
- Байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру;
- Балалардың ойын дамытып, тіл байлығын арттыру.

Балалар өз бетінше шығармаларды айтып, шығарманың мазмұнын мен ойын дұрыс жеткізіп, диалогтегі адамдардың сөздерін мәнерлі жеткізуге икемделеді. Балалар автордың сөз өнерін қолданып, сөз мәнерін өздері машықтануы қажет. Серіктестері айтқан әңгімені тыңдап отыруға, мазмұнын түсінуге, әдеби кейіпкерлерін атымен айтуға үйретіледі.

Табиғи құбылыстардағы ақиқаттылықты сипаттаған кезде нақты дұрыс сөз қолдануға, үлкендердің көмегімен белгілі бір нәрсеге тиісті белгілерді табуға, нақты бейнелеуге, әңгімеде ой - өрісін жеткізуге үйрету керек.

Балалардың сипаттау әңгімелері түрлі сөз мәнерінде сонымен қоса тілдік (метафора, теңеу, эпитет, балама қолдануда) сөз өнері өзіндік ерекшелігін ашу қажет. Ойыншықтарды қолданып, суретке қарап әңгіме құрастырады. Баланың өзі құрастырған әңгімесінде жанрдың негізгі ерекшелігін таба білуінде. Сюжет ерекшеліктері мен әдеби шығармалардың мәнерлігі (ертегіні толық айтып беру). Ертегідегі жақсылықтың жеңгені, сиқырлық жайында, кейіпкерлерді басқа бір нәрсеге айналдырып, және т. б. қолдана отырып, ертегі құрастыруға үйрету.

Бұл жаста балалар шығарманы қызығушылықпен тыңдайды, әңгімелерді түрлендіре біледі. Баланы шығармашылық қабілеттілігінен туындаған әңгімелеріне көңіл аударып, құрдастарының әңгімелерін тыңдауға бейімдеп,

қиыншылық тудырған жағдайды, қол ұшын беріп, дұрыс емес жеріне түзету енгізе керек.

Бала тілін дамыту жұмысының негізгі мазмұны – сөздің жалпы ұғым беретін жағын меңгертуге көңіл бөліп, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойын еркін жеткізуін, қоршаған орта мен айналасындағы адамдармен еркін қарым - қатынасқа түсу, сөйлеу қабілеттерін қалыптастыру.

Тіл мәдениетін игеру – баланың сәби шағынан іске аса бастайтын, біртіндеп жетілетін кезең. Олай болса, баланың тілін дамыту жұмысы отбасынан, балабақшадан бастап жүйелі түрде жүргізілуі тиіс.

Балабақшада тілдік қатынастың ең маңызды түрі ауызша сөйлеп үйрену жатады. Ол болса сөздерді байланыстырып айту арқасында жүзеге асады. Сөздің байланысты айтылуы баланың тілдік және ақыл - ой дамуымен біртұтас жүреді.

Жас жеткіншектерді баулып, тәрбиелеуде көркем әдебиеттің ролі ұшан - теңіз. Ол жаңа өскін балауса буынының сана - сезімін оятып, ақыл - есін дамытатын, адамгершілік моральға тәрбиелейтін өмір оқулығы.

Мектеп жасына дейінгі бүлдіршіндерді өздерінің бойына шақ әдеби мұралармен сусындатып тәрбиелеу педагогтардың алдындағы міндеті. Ертегі, әңгімені, өлең – тақпақтар мен жаңылтпаштарды, сондай - ақ мақал - мәтелдер мен жұмбақтарды мәнерлеп оқып беру мен әсерлеп айту – тек қана олардың сөздік құрамын байытып қана қоймайды, сонымен қатар, сәбидің ақыл - ойының жетілуіне әсерін тигізеді. Баланың әдепті, көргенді болып өсуіне ықпалы өлшеусіз, баланың Отанын, өз ұлтын, өз жерін сүюі, оны қадірлей білуі ауыз әдебиеті мен көркем әдебиеттің әсері деп білеміз. Өйткені, бала кітаптағы жағымды кейіпкерлерге еліктеп, ер атанғысы келіп, еркелікке, еңбекке құлшынып өседі.

Ежелгі қазақ әдебиеті өкілдерінің балаларға қалдырған әдеби мұрасы, Алтынсарин, Абай Құнанбаевтың өлең - әңгімелері осы күнге дейін тәрбиелеу мен оқытуда, ғылым жолын танытып, өнер - білімге баулуда қастерлі қасиетін еш жойған жоқ. Жамбылдың, Сәкеннің, Жансүгіровтың, Майлиннің, Мұқановтың сондай – ақ көптеген жас жазушылардың балалар сүйсінерлік қызығып тыңдарлық жақсы шығармалары бар. Мұның бәрі, жеткіншек ұрпақты тәрбиелеуде баға жеткісіз қазына. Әрбір тәрбиеші соларды іздестіре отырып, термелеп жинап жүрсе, өз жұмысына өте демеуші дәнекер таппақ.

Жас кезінде әңгіме, жырларды көп тыңдаған бала өз көрген - білгенін қиыстырып, тұжырымдап достарына, тәрбиешілеріне, ата - аналарына айтып бере алса, тіл шеберліктері артады. Мұндай жақсы қасиеттер баланың парасатты, инабатты, әдепті, еңбексүйгіш, көргенді болып өсуіне әсер етеді. Мектепке дейінгі шақта бала тілі икемді келеді, сондықтан - да балалармен жүргізілетін жаттығу түрлері әр алуан. Балалардың жас ерекшелігіне қарай топтарды үлкейген сайын тіл дыбыстарын айтып, үйренуге арналған жұмыс

түрлері біртіндеп күрделене береді. Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады.

Дыбыстардың ерекшеліктерін жете меңгеріп, дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру басқа да тілдерін дамыту сауат ашу оқу іс - әрекеттерінде ғана емес, ән, дене шынықтыру оқу іс - әрекеттерінде де, бос кезеңдерде де балаға өлеңдер, тақпақтар үйретіледі.

Балабақшада балалардың жас ерекшелігіне лайықты көркем әдебиет шығармаларын, оқыған шығарма мазмұнын әңгімелеп айтқызу, суретке қарап әңгімелеу, ертегілер оқып беру, мақал - мәтел, жаңылтпаш, тақпақтар үйрету сияқты жұмыстары арқылы бала тілін дамытуға болады.

Мектепке дейінгі тәрбие жұмысы жүйелі жүргізуді талап етеді. Қазіргі уақытта баланы халықтық педагогика негізінде тәрбиелеу ана тілі арқылы өз дәрежесінде жүзеге асатыны белгілі. Баланы ана тілінде анық, жүйелі, өзгелерге түсінікті, мәнерлі үн ырғағымен келістіре сөйлеуге, сөздің дыбыстық құрамын дұрыс жеткізуге мектепке дейінгі кезеңде үйрету керек.

Тәрбиеші әр баланың тілін зерттеп, ерекшелігін жете меңгергеннен кейін, тәрбие білім беру үрдісіне күн тәртібінің қолайлы сәттерінде дыбыстарды дұрыс дыбыстауға орай жаттығу жұмыстарын жоспарлы түрде ұйымдастырып жүргізеді.

Сөздің дыбыстық жағын меңгерту

- Бала тілін зерттеп, қай дыбысты айта алмайтынын анықтау;
- Артикуляциялық аппаратты дайындау кезеңі
- Сөз, сөйлем, өлең, жұмбақ, жаңылтпаштарды айтқызып, дыбыстарды үйрету.

Балалардың сөздік қорын, тіл байлығын дамыту барысында қолданылатын әдістерге тоқталатын болсақ:

1. Сахна ойындары. Оның барысында қажетті дыбысқа байланысты сөздер, сөйлемдер бірнеше рет қолданылады. әр кейіпкерді сөйлете отырып, балаларға қайталату.
2. Бағдарлама бойынша өтілетін шығармалардан тіл ұстартуға қажетті шумағын алып пайдалану. Сол шумақ қай ертегіден, қай өлеңнен алынғанын сұрап, жауабын алу арқылы тіл дамытудан игерген білім дағдыларын бекітеді, әрі қайталайды.
3. Сөздің дыбыстық жағын анық айтуға жаттықтыруда шағын әңгіме, ертегілерді мәнерлеп оқып беруге болады.
4. Көркем сөз шеберлерінің таспаға жазылған үндерін, мәнерлі дауыс ырғағын тыңдату.
5. Дидактикалық жаттығулар жасау. «Ғажайып қалта» «Не өзгерді?» үстел үстінде ойнайтын ойындарды пайдаланып, әр дыбысқа байланысты суреттерді

топтап алу.

6. Жұмбақ, мақал - мәтел, жаңылтпаштарды айтқызу арқылы қажетті дыбысты бекіту.

Жұмыстың осы түрлерін баланың жас кезінен бастап дер шағында қолға алса нәтижесі де ойдағыдай болады.

Балабақшада жүргізілетін тәрбие, білім беру үрдісінде дыбысқа байланысты жаттығу түрлері кешенді түрде іске асырылады. Мәселен, ән оқу іс - әрекетінде музыка үнімен бала сезіміне әсер етсе, тіл дамытуда оқылған әңгіме, ертегілер, біріншіден баланың ақыл - ойын, танымын кеңейтсе, екіншіден ана тілін жақсы білуге көмектеседі.

